

ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы бұйрығы негізінде тәрбие жұмысы ұйымдастырылған.

2022-2023 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары 2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2-3-4-қосымшалары жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2022-2023 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, «ашық есік» күндері, дөңгелек үстелдер өткізілген. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған. Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде ата-аналар кеңесі, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында әкелер мектебі, аналар мектебі құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Сонымен қатар «Азамат» ер балалар клубы, «Әйгерім» қыз балалар клубы, «Жас Сарбаз» патриоттық клубы, рухани адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген моделді іс-шаралар жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы, зиянды заттардың алдын алуға байланысты жас жол қозғалыс инспекторлар тобы құрылған. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. **sapakkolorta** инстаграм желісіне жарияланған.

Рухани адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген моделді іс-шаралар жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы, «Қоғамға қызмет» волонтерлер қозғалысы топтары құрылған. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында “Мектеп парламенті” білім алушылардың өзін - өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде 2022 жылдың 15 қыркүйек күні, “Шапағат” мектеп парламентінің сайлауы болып «Шапағат» мектеп парламенті құрылған. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, хаттамалары жинақталған, жүйелі жұмыстар жүргізілген. 2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен сынып жетекшілерге қосымша пайдалануға арналған «Қазіргі заман мектептеріндегі тәрбие жұмысының мазмұны және оны ұйымдастыру жолдары» және «*Өрт қауіпсіздік ережелері* » әдістемелік көмекші құралдары шығарылған.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі негізінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымы құрылып, 2022-2023 оқу жылында – 167, 2023-2024 оқу жылында 171 оқушы, 2024-2025 оқу жылында 164 оқушы білім алды. «Жас Ұлан» қатарында мектебімізде балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын ұйымдастырушы жетекші ретінде 2022-2023 оқу жылында аға тәлімгер Дауленова Мақтым Аманжоловна тағайындалды. «Жас ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бекітіліп, жүргізілген жұмыстарының ақпараттары жинақталып, инстаграм желісіне жарияланған. Жас Ұлан ұйымының апталық, айлық, жылдық жоспарлары, 7 бағытқа арналған папкалар, ұсыныс дәптерлері бар. 2022-2023 оқу жылында жеті бағыт бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілген. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының туы, стендісі, Гимні бар. 2022-2023 оқу жылында тәуелсіздік күніне орай «Жас Қыран», «Жас Ұлан» қатарына оқушылар қабылданды. 2022-2023 оқу жылында мектеп жанынан құрылған еріктілер клубы «Қоғамға қызмет» қоғамдық бірлестігі төрағасының ұйымдастырған қайырымдылық акциясына белсене қатысып отырды

"Жас ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы

Жылдар	Жас қыран	Жас Ұлан
2022-2023 оқу жылы	49	98
2023-2024 оқу жылы	45	92
2024-2025 оқу жылы	55	78

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240-VI) негізге ала отырып, 2022-2023 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2022-2023, 2023 - 2024 оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік тәртіп сақшылар тобы құрылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2022–2023 оқу жылы бойынша -11 сынып жетекшісі, 2023-2024 оқу жылы бойынша -11 сынып жетекшісі тағайындалған. 2022 жылдың 31 тамыз мектеп директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» № 56 бұйрығы негізінде класс жетекшілер, 2022 жылдың 31 тамыз мектеп директорының «Бірлестік жетекшісін тағайындау туралы» №56 бұйрығы негізінде бірлестік жетекшісі болып Ж. Нуржанова тағайындалған. 2023 жылдың 04 қыркүйектегі мектеп директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» № 110 бұйрығы негізінде класс жетекшілер, 2023 жылдың 04 қыркүйектегі мектеп директорының «Бірлестік жетекшісін тағайындау туралы» № 114 бұйрығы негізінде бірлестік жетекшісі болып Ж. Нуржанова тағайындалған. 2022-2023, 2023 - 2024 оқу жылдары бойынша бірлестіктің жұмыс жоспарлары құрылып, ай сайын бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2022-2023 оқу жылы	11	9	2
2023-2024 оқу жылы	11	9	2

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жылдар	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Шебер	Жоғары, I, II санатты	Педагог
2022 - 2023	3	2	3	-	1	2
2023 - 2024	3	3	2	-	1	2

білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

2022-2023, 2023 – 2024 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты: Дені сау, ата – баба дәстүрлерін аса қастерлейтін, жаңалыққа жаны құмар, мейірімді, адамгершілігі мен парасаттылығы жоғары жеке тұлға тәрбиелеу».

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары
 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен

бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері аясында жасалып, бекітілді.

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие (Діни тәрбие, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет)
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

2022-2023 оқу жылы бойынша сынып жетекшілер, үйірме жетекшілері және қоғамдық ұйымдар мен мектеп мұғалімдері тәрбие сағаттарын, сыныптан тыс жұмыстарды, спорттық сайыстарды, түрлі байқауларды, тәрбиелік шараларды ұйымдастыра алды.

Сынып жетекшілер, тәрбие саласы мамандары «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Қоғам құндылығы» арнайы жобасы негізінде биылғы оқу жылында ата-аналармен жұмыс жасалды. Әкелер, аналар клубтарының жоспарлары негізінде тәрбиелік шаралар ұйымдастырып өткізді.

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық және құқықтық тәрбие

1 қыркүйек Білім күні «Білімге ұмтылу, Еңбексүйгіштік пен Отаншылдық» тақырыбында алғашқы қоңырау салтанатты жиыны. 1-11 сыныптарда білім сабақтары өткізілді.

«Отбасы және мектеп» жобасы аясында «Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстардың балаларға қатыгездікпен қараудың құқықбұзушылықтың алдын алу» мектепшілік ата – аналар жиналысы өтті. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Тәуелсіздік елімнің еркін жолы» тақырыбында кітаптар көрмесі. 25 қазан Республика күніне орай «Қыран елім – Қазақстаным» апталығының ашылуы сәтті тәрбие сағаттары, «Рәміздерім – мақтанышым» тәрбие сағаттары «Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет» онкүндік аясында тәрбие сағаттары, сыныптан тыс жұмыстар өткізілді. «Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау» учаскелік полиция инспекторы М.Бақдәулетовпен кездесу өтті. «Менің құқықтарым мен міндеттерім» тақырыбында 8 сынып оқушыларымен сыныптан тыс шара өткізілді. «Адам құқығы бала құқығынан басталады» бұрыш жасакталып, тарих пәнінің мұғалімі А. Темиргалиева оқушыларға түсінік жұмысын жүргізді. «Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында учаскелік инспектор Ж. Бисенғалиевпен кездесу өтті. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Тәртіпке бағынған құл болмайды» ербалалармен кездесу. Бала құқықтарының халықаралық күніне орай «Зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында сыныптан тыс жұмыстар, тренингтер «Жасөспірімдер арасында бопсалаудың алдын алу, құқықбұзушылықты болдырмау» бейнероликтер көрсетілді. «Кибербуллинг және буллинг деген не?» тәрбие сағаттары, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, бейнероликтер көрсетілді. Зорлық – зомбылықты, қорқытып алуды, ақша жинауды болдырмау мақсатында сауалнама, түсінік жұмыстары жүргізілді. Зорлық – зомбылыққа қарсы – 16 күн» акция аясында «Қыз бала ұлттың ұяты, халықтың шырайы» атты тақырыбында мектеп психологы 8 - 10 сынып қыз балалармен кездесіп, дәріс оқылды. «Ерте жүктіліктің алдын алу тақырыбында мектеп медбикесі мен ауыл дәрігерлік амбулаториясының медбикесімен кездесу өткізілді. Жол қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында «Жол ережелері» тәрбие сағаты «Ұшқыр ой» мәдени білім беру жобасы аясында «Менің құқықтарым мен міндеттерім» тақырыбында 7-11 сыныптар арасында пікірталас. Тәуелсіздік күніне орай «Тұғыры биік – Тәуелсіз Қазақстан» «Желтоқсан құрбандары» тәрбие сағаты. «Желтоқсан шежіресі – елімнің мәртебесі» сыныптан тыс жұмыстар «Желтоқсан – тәуелсіздік бастауы» сыныптан тыс жұмыс «Желтоқсан құрбандары» кітаптар көрмесі «Тәуелсіз ел – Қазақстан» тәрбие сағаты «Кибербуллинг», «Буллинг» деген не?» тақырыбында тәрбие сағаттары, сыныптан тыс жұмыстар, «Жасөспірімдер арасында өз – өзіне қол жұмсаушылық / суицид/ әрекеттерінің алдын алу» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

2. Рухани – адамгершілік тәрбие

«Театр және балалар» жобасы «Адалдық – адамдықтың белгісі» сыныптан тыс жұмыс Қарттар мерекесіне орай

«Қарттарым – асыл қазынам» мерекелік құттықтаулар «Қоғамға қызмет» жобасы «Қайырымдылық жасай білейік» қайырымдылық акциясы «Адал ұрпақ» жобасы «Адамгершілік – рухани байлық» тәрбие сағаты «Ер азамат атына лайық бол» сыныптан тыс шара, «Мейірімге толы жүрек» мейірімділік сабағы «Алғыс алма, бата ал» баталар челленджі, «Қоғамға қызмет» жобасы «Қамқорлық» мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқорлық көмек көрсетілді. »Әдептілік – адамгершілік бастауы» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

3. Ұлттық тәрбие

«Ұлттық тәрбие ұлт

болашағы» тәрбие сағаты, «Оқуға құштар» жобасы «Тіл – ең асыл құндылық» әдеби монтаждар, «А. Байтұрсынов – ұлттың ұлы ұстазы» сыныптан тыс шара, «Қазақ поэзиясының хан тәңірі М. Мақатаев» сыныптан тыс шара, «Әлем әдебиетін бірге оқимыз» «Қазақ еліне виртуалды саяхат», «Қыз әдеби» түсіндіру жұмыстары, «Дәстүр мен ғұрып» жобасы «Ел іші – өнер кеніші» көрме, «Ұмытыла бастаған ұлттық тағамдар» тәрбие сағаты «Дәстүр мен ғұрып» жобасы асық түрлерінен ойындар ойнатылды.

4. Мектептегі отбасылық тәрбиенің мақсаты келесі құндылықтарды қалыптастыру.

«Отбасы

және мектеп» жобасы бойынша «Отбасы – бақыт мекені» сыныптан тыс шара. «Жақсы бала – ата – ана көз қуанышы» ата – аналар жиналысы «Отбасындағы бала тәрбиесі» ата – анамен жұмыс, «Тәрбиелі ұл – абыройлы әке» сыныптан тыс шара, «Әке – отбасы қорғаны» әкелер жиналысы, сыныптан тыс шара, «Сіз қандай ата – анасыз?» тақырыбында ата – аналардан сауалнамалар алынды, «Анам және мен» сайыс, «Гүл сыйлайық анаға» көпбалалы аналарға гүл шоқтарын тарату, құттықтаулар, «Ана – өмір шуағы» тәрбие сағаттары өткізілді.

5. Көпмәдениеттілік және көркем – эстетикалық тәрбие

«Мектепішілік Парламент сайлауы – 2022» мектеп президенті сайлауы, «Ұстазға мың алғыс» мерекелік құттықтаулар, «Дублер күні» бір күндік ұстаздық қызмет, «Театр және балалар» жобасы «Қуыршақтар әлемі» сыныптан тыс жұмыс, «Әдептілік – адамгершілік бастауы» тәрбие сағаттары, Өзін – өзі басқару» ұйымы «Доссыз – өмір бос» сыныптан тыс шара, «Шын дос – таусылмас қазына» тәрбие сағаттары өткізілді. «Қош келдің, Жаңа жыл!» жаңа жылдық ертеңгіліктер «Атбегіліктің адам тәрбиесіндегі мәні» сыныптан тыс шара, «Алғыс айту парыз» сынып сағаттары, «Еліме нұр сыйлаған өз наурыз» мектепішілік наурыз мерекесі, «Күй күмбірі» республикалық челленджі өткізілді.

6. Зияткерлік тәрбие

«Ұшқыр ой» жобасы

«Білім артық па? Байлық артық па?» пікірталас, «Театр және балалар» жобасы «Ертегілер еліне саяхат» сыныптан тыс шара, «Қазақстан – достық мекені» дөңгелек үстел, «Кім зерек» білімділік сайысы, «Ескерткіштер тарих куәсі» виртуалды саяхат, «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Жеңіс» интеллектуалды сайыс өткізілді.

7. Дене тәрбиесі салауатты өмір салты.

«Сақтансаң сау боларсың» лекция, «Тұмау мен гриппке қарсымыз» Балалар жылына орай Волейболдан ауданбіріншілігі, «Тоғызқұмалақ» ойыны, «Спид – ғасыр дерті», «Туберкулез – қауіпті ауру», «Электронды темекінің адам денсаулығына зияны» тәрбие сағаттары өткізілді.

8. Еңбек, экономикалық және

экологиялық тәрбие «Күз кереметтері» күзгі көрме, «Табиғат тазалығын сақтайық» «Жасыл» ел» үйірме оқушылары дәліздегі гүлдерді тазалап, қопсытып тазалық жұмыстарын жүргізді. Бастауыш сыныптар арасында «Менің бір күнім» сыныптан тыс шара, «Инесі алтынның күймесіде алтын» үйірме жұмысының «Қолөнерім – қазынам» ұлттық бұйымдардан көрме жасақталды, «Менің демалысағы бір күнім» бөлме гүлдерін отырғызу, «Кішкентай достарға қамқорлық» әдеби монтаждар, «Құстар – біздің досымыз» кішкентай достарға ұя жасау жұмыстары жүргізілді.

Жоспарланған іс-шаралар уақытында ұйымдастырылып, өткізіліп, талданды. Өткізілген шаралар уақытылы әлеуметтік желіге жарияланып отырады.

Сапақкөл орта мектебінде 2023 - 2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту Министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі 2023 жылғы 01 ақпандағы № 23 – 32 - 4, 3 хаттамасының 3 – тармағын орындау мақсатында, осы бұйрыққа 1 – қосымшаға сәйкес жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған 2023 - 2024 оқу жылынан бастап 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығы және Ақтөбе облыстық білім басқармасының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 398 бұйрығымен, аудандық білім бқлімінің №689 бұйрығы, Сапақкөл орта мектебінің 145 бұйрығы негізінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» енгізілді.

Тәрбие жоспарын жасауда басшылыққа алынған құжаттарға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2023 - 2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары жасақталды

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік,

мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР - ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;

- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;

- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;

- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;

- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;

- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі: - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл

- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді

- Елінің тарихын құрметтейді

- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді.

Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеу.

1 қыркүйек білім күні мерекесіне орай «Мектебім – мейірім мекені» атты алғашқы қонырау салтанатты жиыны өткізілді. 1- 4 сыныптар арасында «Мектебім – мейірім мекенім» тақырыптарында бірыңғай тәрбие сағаттары, 5 - 8 сыныптар арасында «Менің туған өлкем» тақырыбында 9 - 11 сыныптар арасында «Менің ойларым, армандарым, үміттерім» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушыларға мектеп ережелерімен қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, «Қауіпсіз мектеп» тәрбие сағаты өткізілді. Кәмелетке толмағандар арасында қауіпсіздіктің, құқықбұзушылықтың алдын – алу, ата – ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру мақсатында ата – аналар кезекшілігі ұйымдастырылды. 5 қыркүйек «Тілдер» мерекесіне орай «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» тақырыбында апталық өткізілді. Апталық барысында «Өнер алды - қызыл тіл» мәнерлеп оқу байқауы өткізілді. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында Парламент көшбасшылары мен өзін – өзі басқару ұйымының мүшелерімен пікірталас, «Сыбайлас жемқорлық туралы ұғым», «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Абайдың толық адам ілімі «Толық адам» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Діни экстремизмнің алдын алу мақсатында «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу», «Терроризм және экстремизм» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.

25 қазан Республика

күніне орай «Қазақстан - кең байтақ жерім» тақырыбында «Қыл қалам» үйірмесінің оқушылары суреттер салды. 25 қазан Республика күніне орай «Қазақ елі – менің Отаным», «Менің елім – Қазақстан» тәрбие сағаттары, «Қыран елім – Қазақстан» атты бейне құттықтаулар жолданды. «Қазақстан – достық мекені» атты дөңгелек үстел өткізілді. «Достық пен татулық мекені Қазақстан», «Мемлекеттік рәміздер ұлттық мақтанышымыз», Ұлттық теңге күніне орай «Теңге – тәуелсіздік келбеті» тақырыбында теңгелер көрмесі. «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз», «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында тәрбие сағаты, Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздік тұғырым», «Желтоқсанның алауы, Тәуелсіздік жалауы», «Тәуелсіздік тірегі – қайсар рухы

казактын», «Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен ертеңі» тақырыптарында сынып сағаттары, «Мен елімнің патриотымын» атты патриоттық әндер шеруі, «Көк тудың желбірегені» қабырға газеттері шығарылды. «Әскери патриоттық ойын сайысы өткізілді. «Тәуелсіздік - елімнің ерлік жолы» тарихы мерекелік кеш өткізілді.

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының 23.01.2024 жылғы 12.02 – 16.02 аралығында жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Заңды білу заман талабы» апталығы аясында 8 сынып оқушыларымен «Мен және менің міндетім» тақырыбында учаскелік инспектор Қ. Ғаббасовпен кездесу кеші, «Заңды білу – өміріңді қорғау» тақырыбында дебаттық сайыс, «Адам құқығы бала құқығынан басталады» құқық бұрышы жасақталды, «Отбасы - тұрмыстық саладағы құқықбұзушылықтың алдын алу туралы заңнаманы қолданудың тиімділігі» тақырыбында учаскелік инспектор Қ. Ғаббасов және Сарбие ауылдық әкімшілігінің жас маманы М. Кенжебай 8-11 сынып оқушыларымен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. «Заңды білу – заман талабы» апталығы аясында үзіліс кезінде оқушылардан құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында сұхбаттар алынды. Облыстық білім басқармасының 23.01.2024 жылғы №180 хаты негізінде Аудандық білім бөлімінің 23.01.2024 жылғы № 54 бұйрығы бойынша кәметке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп мұғалімдері, учаскелік инспектор Қ. Ғаббасовпен бірлесіп кешкілік рейд жұмыстары жүргізілді. Жол қауіпсіздігін, болдырмау, алдын алу мақсатында «Бала және бағдаршам», «Жол қауіпсіздігін сақтаймыз», «Жол тәртібін жадында ұста», «Өмір қауіпсіздігі» тақырыптарында жолда жүру, өмір қауіпсіздігі туралы сынып сағаттары, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Наурыз Амал мерекесіне орай барлық сыныптарда «Амал келді, Жыл келді» тақырыптарында көрісу күні атап өтілді. Наурыз мерекесі қарсаңында ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» тақырыбында ұлттық киімдер шеруі өткізілді. Шеруді ауыл әкімі: Д. Бисебаев, мектеп директоры: Е. Тургангазин бастап барлық ұстаздар, мектеп оқушылары ұлттық киіммен шеруге қатынасты. «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» тақырыбында 4 сынып оқушылары әжелерімен ұлттық киімдер шеруіне қатынасты. «Наурызнама» тұжырымдамасына сәйкес 19 наурыз – Жанару күніне орай мектеп оқушылары сыныптардағы гүлдерін тазалап, жанартты. 20 наурыз ұстаздар мен оқушылар арасында «Күй күмбірі» республикалық домбырашылар челленджі, «Өз – Наурыз құтты болсын» мектепшілік наурыз мерекесі, 21 наурыз «Армысың Өз – Наурыз!» атты мерекелік құттықтау эстафетасы өткізілді. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, Алаяқтыққа жол бермеу, Зиянды әдеттерден аулақ болу тақырыптарында учаскелік инспектор Қ. С. Сағиев 7-11 сынып оқушыларымен кездесіп, түсінік жұмыстарын жүргізді. 10 – 11 сынып оқушылары арасында «Сарбаз болам мен ертең» атты әскери - патриоттық эстафеталық сайыс өткізілді. Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының тұңғыш президенті «Академик Қаныш Сәтпаевтың 125 жылдығы», Қаныш Сәтпаев – қазақтың тұңғыш ғылым академигі» сынып сағаттары өткізілді. Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қ.И Сәтбаевтың туылғанына 125 жыл толуына орай мектеп бітіруші түлектер «Адам өміріндегі ғылым» тақырыбында бірыңғай балалар диктантын жазды. 1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне орай «Бейбітшілік – ел тілегі» тақырыбында сынып сағаттары, бейне құттықтаулар өткізілді. Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Мамыр» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары диктант, 5-8 сынып оқушылары «Бірлігі мықты ел озады», 9-10 сынып оқушылары «Бейбітшілік ел тірегі» тақырыптарында эссе жазды 9 мамыр Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында 8 – 11 сынып оқушыларына «Үзілген моншақ», «Мәншүк» т.б тарихы кинолар көрсетілді. «Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл» толуына орай сынып сағаты, «Ерлігін ел ұмытпайды» ерлік сағаттары өткізілді. Учаскелік полиция инспекторы Қ. Сағиев, мектеп медбикесі Г. Дүсіпова, мектеп психологы А. Набрешовабарлық сынып оқушыларымен кездесіп, «Нашақорлық - қауіпті індет», «Жол ережесін білеміз бе?», «Аутодиструктивті мінез – құлықтың алдын алу», Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, «Ұрлық түбі қорлық» тақырыптарында түсінік жұмыстарын жүргізді. Сыныптар арасында «С.Нармағамбетов халық үшін туған батыр», «Сағадат Нұрмағамбетовке 100 жыл», С. Нұрмағамбетов туралы не білеміз?», «Ер есімі – ел есінде» тақырыптарында сынып сағаты өткізілді. «Отбасындағы балаларға зорлық – зомбылықтың алдын алу» тақырыбында ата – аналар жиналысы өткізілді. «Білімім Отаныма» тақырыбында барлық сыныптарды тәрбие сағаттары өткізілді.

Ар - ұят құндылығы: - Академиялық адалдық қағидатын қолдау;